ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

ЕРТІС АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

АКИМАТ ИРТЫШСКОГО РАЙОНА

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2026 жылғы 20 қыркүйек
Ертіс ауылы

№ 154/2
село Иртышск

Ертіс ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 22 желтоқсандағы «Ертіс аудандық мәслихатының (VIII сайланған XLV сессиясы) 2025 жылғы 17 желтоқсандағы «2026-2028 жылдарға арналған Ертіс аудандық бюджеті туралы» № 150-45-8 шешімін іске асыру туралы» № 226/4 қаулыға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 93-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 1-тармағының 1-3) тармақшасына, Ертіс аудандық мәслихатының 2026 жылғы 23 қыркүйектегі «Ертіс аудандық мәслихатының 2025 жылғы 17 желтоқсандағы «2026 – 2028 жылдарға арналған Ертіс аудандық бюджеті туралы» № 150-45-8 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» № 185-63-8 шешіміне сәйкес, Ертіс ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ертіс ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 22 желтоқсандағы «Ертіс аудандық мәслихатының (VIII сайланған XLV сессиясы) 2025 жылғы 17 желтоқсандағы «2026-2028 жылдарға арналған Ертіс аудандық бюджеті туралы» № 150-45-8 шешімін іске асыру туралы» № 226/4 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ертіс аудандық бюджеті 2026-2028 жылдарға, оның ішінде 2026 жылға мынадай көлемде орындалсын:

1) кірістер – 6702480 мың теңге, соның ішінде:
салықтық түсімдер – 1020574 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 28165 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 10810 мың теңге;
трансферттер түсімі – 5642931 мың теңге;
2) шығындар – 6935597 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 45438 мың теңге, соның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 86538мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 41100 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – нөлге тең;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -278555 мың теңге;

008192

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 278555 мың теңге.»;

көрсетілген қаулыға 5,6-қосымшасы осы қаулының 1,2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Аудан әкімі **Н. Жүсіпов**